

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледж



Бекітемін
Колледж басшысы
Г.К.Исмаилова
29.08.2022ж

Оқу жұмыс бағдарламасы

Модуль/пәні «Жол қозғалысының ережелері»

Мамандық 0104000 - Кәсіптік білім беру (салалары бойынша)

Біліктілік 010401 3-2 -Автомобиль көлігін жөндеу және қызмет көрсету

Оқыту нысаны күндізгі, негізгі орта/ жалпы білім базасында

Жалпы сағат саны 50

Оқыту нысаны күндізгі, негізгі орта/ жалпы білім базасында

Әзірлеуші: Мадаев А.А

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында қаралды және мақұлданды

Хаттама №1, « 27». 08.2022ж.

Әдіскер:Исматуллаева Алия Муратовна

«_Жалпы кәсіптік және экономикалық пәндер» пән бірлестігінің отырысында қаралды және мақұлданды

Хаттама №1, «25». 08 . 2022 ж

Пән бірлестігінің төрайымы: Ж.Ж.Пернебаева

Түсіндірме жазба

«Жол қозғалысының ережелері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес (2013 жылғы 24 сәуірдегі №150) мамандығы 0104000 - Кәсіптік білім беру (салалары бойынша), 010401 3-2

«Автомобиль көлігін жөндеу және қызмет көрсету» мамандығы студенттеріне арналған

Осы үлгілік оқу бағдарламасы «Жол қозғалысының ережелері» пәні бойынша пән мазмұны мен даярлау деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптарды іске асыруға арналған және техникалық және кәсіптік оқу орындарының жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеуге негіз болып табылады

«Жол қозғалысының ережелері» пәнінің негізгі мақсаты көлікті - пайдалануда жол сипаттамасын, жол көрсеткішін пайдалануда бағалау әдістемесін, қауіпті жерлерді анықтау және олардың жолда жүру қауіпсіздігінің тәсілдері болып табылады.

Пәннің міндеттері маманның білімі мен ептілігін, біліктілік сипаттамасын, жетекші құжаттар тізімдемесіне қажетті кәсіптік қызмет талаптарын анықтау болып табылады.

«Жол қозғалысының ережелері» пәнін оқытуда «Автокөлік құралдарының құрылысы», «Автокөлік құралдарын жөндеу және техникамен қамтамасыз ету», «Автокөлік құралдарын жөндеу және техникамен қамтамасыз ету», «Машина-трактор паркін пайдалану», «Азаматтық құқық», «Әкімшілік - қылмыстық құқық» пәндерін біріктіріп оқытуға ұсынады. Техникалық және кәсіптік білім ұйымдары жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеуде құқылы:

- кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге бөлінген оқу уақытының жиынтық көлемін сақтаған кезде циклдер мен пәндер үшін оқу уақыты көлемін 25% дейін өзгертуге;
- оқу уақытының жалпы сағат көлемін бөлімдерге бөлу (пәнді оқуға бөлінген жалпы бюджеттік уақыт шегінде);
- бағдарламалық материалды оқу кезектілігіне негізделген өзгерістер енгізу;
- тәжірибелік және зертханалық сабақтарды мазмұны жағынан жақын басқа сабақтармен ауыстыру.

Тақырыптар мен бөлімдер тізімі оқылатын тақырып, тарауларына байланысты тереңдетілуі және / немесе кеңейтілуі (оның ішінде резервті уақыт есебінен), сонымен қатар аймақтық компонентті енгізу арқылы жұмыс берушілер мен жергілікті талаптарды ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

Жалпы сағат саны: 50 сағат

Факультатив сағаттар: 50 сағат

Оқу сағаттарын бөлу жоспары

| Пән/модульдің коды және атауы | Модульдегі барлық сағат саны | Оның ішінде | | | | | |
|--|------------------------------|-------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| | | 1 курс | | 2 курс | | 3 курс | |
| | | 1 семестр | 2 семестр | 3 семестр | 4 семестр | 5 семестр | 6 семестр |
| Жол қозғалысының ережелері | 50 | | | | | | |
| Барлығы | 50 | | | | | | |
| Пән/модульдің бойынша оқытуға берілетін жалпы сағат саны | 50 | | | | | | |

Пәннің тақырыптық жоспары

| № | Тараулар және тақырыптар | барлығы | Факультатив |
|-----|---|-----------|-------------|
| | 4-ші бөлім. Алғашқы медициналық көмек | | |
| 1. | 4.3 тақырып Жарақаттанғандарды тасу ережелері, қалыпты жарақаттар | 2 | 2 |
| 2. | 4.4 тақырып Қаланың автокөлік жолының элементтері | 2 | 2 |
| 3. | 4.5 тақырып Қала сыртындағы автокөлік жолының элементтері | 2 | 2 |
| 4. | 4.6 тақырып Автокөлік жолдарында транспортты пайдалану көрсеткіші | 2 | |
| | 5 Тарау Жол төсемінің конструкциясы | 10 | 8 |
| 5. | 5.1 тақырып Асфальты бетонмен жабу | 2 | 2 |
| 6. | 5.2 тақырып Қатты бетонмен жабу | 2 | |
| 7. | 5.3 тақырып Дайын плитадан жабу | 2 | 2 |
| 8. | 5.4 тақырып Жол жоспарының элементтері | 2 | 2 |
| 9. | 5.5 тақырып Жол элементінің пішіні | 2 | 2 |
| | 6 Тарау Инженерлік жабдықтау | 14 | 12 |
| 10. | 6.1 тақырып Көлік жолдарын инженерлік жабдықтау | 2 | 2 |
| 11. | 6.2 тақырып Жол белгілері | 2 | |
| 12. | 6.3 тақырып Жол таңбалары және оны белгілеу | 2 | 2 |
| 13. | 6.4 тақырып Бағдаршам дабылы | 2 | 2 |
| 14. | 6.5 тақырып Жолдардың қоршалуы | 2 | 2 |
| 15. | 6.6 тақырып Жолдарды жарықтандыру және салу | 2 | 2 |
| 16. | 6.7 тақырып Жолды көгалдандыру | 2 | 2 |
| | 7 Тарау Есептік - графикалық жұмыс «Инженерлік жабдықтауды | 18 | 10 |

| | пайдалануды бағалау» | | |
|-----|---|-----------|---|
| 17. | 7.1 тақырып Есептік - графикалық жұмысты орындаудың ережесі | 2 | 2 |
| 18. | 7.2 тақырып Реферат бөліміне тапсырма. | 2 | |
| 19. | 7.3 тақырып Есептік - графикалық жұмыс үшін бастапқы деректер | 2 | 2 |
| 20. | 7.4 тақырып Жол жүру көрсеткіштерін инженерлік жабдықтарды орнатқанға дейінгі сипаттама | 2 | |
| 21. | 7.5 тақырып инженерлік жабдықтарды көрсеткіштерін салыстырмалы түрде анықтау | 2 | 2 |
| 22. | 7.6 тақырып Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін жол жүру сипаттамасы | 2 | |
| 23. | 7.7 тақырып Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін жол жүру сипаттамасының көрсеткіштерін салыстырмалы түрде анықтату | 2 | 2 |
| 24. | 7.8 тақырып Қажетті құралдарды орнатқанға дейін жол жүру көрсеткіштерін нақты өзгерту | 2 | |
| 25. | 7.9 тақырып Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін жол жүру көрсеткіштерін нақты өзгерту | 2 | 2 |
| | Барлығы | 50 | |

4-ші бөлім. Алғашқы медициналық көмек

4.3 тақырып Жарақаттанғандарды тасу ережелері, қалыпты жарақаттар.

2-сағат теория

Қалыпты жарақаттар мен олардың жарақат механизмдеріне тәуелділігі. Қалыпты жарақаттарды анықтау. Жарақат алған адамды, жарақатын есепке ала отырып, көліктен шығару. Жарақаттанушыны қолымен тасымалдау. Жарақаттанушыны тастауға қолда бар заттарды қолдану. Көлік түрлерінің әр түрін пайдалана отырып жарақаттанушыны тасымалдау.

Кешенді тапсырмаларды шешу. Техникалық оқыту құралдары мен макеттер пайдалану. Жарақаттанушыда қан кету, шок, тыныс алуының бұзылуы, құсу, сыну және т.б болған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету.

4.4 тақырып Қаланың автокөлік жолының элементтері. 2-сағат теория

Орталық жүргінші бөлігі. Орталық жүргінші бөліктің арасындағы бөлінген жолы, бір жақ жол және орталық жүргінші бөлігі. Шекаралық жол. Тротуармен және орталық жүргінші бөлігі арасындағы бөлінген жол. Трамвай жолдары және орталық жүргінші бөлігі арасындағы бөлінген жол. Техникалық жолдар және орталық жүргінші бөлігі арасындағы бөлінген жол. Трамвай бағытының жолдары, тротуар, көгал алаңдар, бүйір жолдар, жергілікті жолдар.

4.5 тақырып Қала сыртындағы автокөлік жолының элементтері. 2-сағат теория

Автокөлік жолдарын ортақ пайдалану (халықаралық, республикалық және жергілікті мәні), шаруашылық автокөлік жолдары. Қалалық көшелер және жолдар, жүру сипаттамасы. Санат бойынша классификация. 1-санатта, 2-санатты, 3-санатты, 4-санатты, 5-санатты автокөлік жолдары: Жол жолақтары. 1-ші және 5-ші жолақтар үшін жол.

4.6 тақырып Автокөлік жолдарында транспортты пайдалану көрсеткіші.

2-сағат практика

Қала сыртындағы автокөлік жолдарының элементтері Орталық жүргінші бөлігі. Орталық жүргінші бөліктің арасындағы бөлінген жол.Еңіс, жолдың екі жағындағы үйінді,шұқыр.

5 Тарау Жол төсемінің конструкциясы

5.1 тақырып Асфальты бетонмен жабу.2-сағат теория

Асфальтты бетонмен жабу сапасының дұрыс және бұрыстығы. Асфальтты бетонмен жабу сапасын пайдалану және оны қолдану қызметі. Асфальтты бетонмен жабуды пайдалану сапасы және оның қызмет көрсету мерзімі.Белгі бойынша топтау. Асфальтты бетонмен жабу ерекшеліктері

5.2 тақырып Қатты бетонмен жабу.2-сағат практика

Монолитті бетонмен жабу ерекшеліктері. Монолитті бетонмен жабудың экономикалық-техникалық артықшылығы. Монолитті бетонмен жабудың сапасының дұрыс және бұрыстығы. Монолитті бетонмен жабудың пайдалану сапасы және оның қызмет көрсету мерзімі. Монолитті бетонмен жабудың топтамасы

5.3 тақырып Дайын плитадан жабу. 2-сағат теория

Дайын плиталармен жабу ерекшеліктері. Дайын плиталармен жабудың экономикалық-техникалық артықшылығы. Дайын плиталармен жабудың пайдалану сапасы және оның қызмет көрсету мерзімі. Дайын плиталармен жабудың топтамасы

5.4 тақырып Жол жоспарының элементтері. 2-сағат теория

Автокөлік жолдарын жоспарлау. Автокөлік жолдарын жоспарлау элементтерінің талаптары. Ауқым.

5.5 тақырып Жол элементінің пішіні. 2-сағат теория

Автокөлік жолының пішіні.Автокөлік жолының ұзақтық пішіні. Автокөлік жолының ұзақтық пішінінің элементіне талаптар.Ауқым

6 Тарау Инженерлік жабдықтау

6.1 тақырып Көлік жолдарын инженерлік жабдықтау.2-сағат теория

Көлік жолдарын инженерлік жабдықтау.

Белгілеу. Түрлері. Инженерлік жабдықтаудың топтамасы

6.2 тақырып Жол белгілері.2-сағат тәжірибелік

Белгілеу. Классификация, жол белгілерінің мағынасы. Жол белгілерін орналастыру талаптары.Маусымдық және мерзімдік жол белгілері. Жүргізушілер әрекеттері.

6.3 тақырып Жол таңбалары және оны белгілеу. 2-сағат теория

Белгілеу.Түс және оны қолдану шарттары.Түрлері. Жүргізушілер әрекеттері

6.4 тақырып Бағдаршам дабылы.2-сағат теория

Жолда жүруді реттеу құралдары. Бағдаршам дабылының маңызы. Жүргізушілер әрекеттері. Бағдаршам түрлері және оны қолдану.

6.5тақырып Жолдардың қоршалуы.2-сағат теория

Белгілеулер, жолды қоршау түрлері. Қою талаптары. Жүргізушілер әрекеттері.

6.6 тақырып Жолдарды жарықтандыру және салу. 2-сағат теория

Белгілеулер. Автокөлік жолдарында шамдарды орналастыру тәсілдері.Белгі бойынша топтау. Жолдарды жарықтандыру. Жолдарды салуды

жарықтандыру. Жол құрылыстарын жарықтандыру. Жолдар құрылымын жарықтандыру

6.7 тақырып Жолды көгалдандыру. 2-сағат теория

Автокөлік жолдарын көгалдандыру тәсілдері. Белгілеу. Гүлзарлар. Белдік орнату

7 Тарау Есептік - графикалық жұмыс «Инженерлік жабдықтауды пайдалануды бағалау»

7.1 тақырып Есептік - графикалық жұмысты орындаудың ережесі. 2-сағат теория

Есептік - графикалық жұмысты орындау ережесі ЕСКД. Түсіндірме хатты рәсімдеу ережесі. Графикалық бөлімді рәсімдеу ережесі.

7.2 тақырып Реферат бөліміне тапсырма. Есептік - графикалық жұмыс үшін бастапқы деректер. 2-сағат практика

Реферат бөліміне тапсырма. Есептік - графикалық жұмыс үшін көрсеткіштер. Нұсқауды дайындау реферат бөліміне тапсырма беру. Реферат бөліміне тапсырма беру, нұсқауды таңдау. Тексерілген жерлерді есептік және графикалық бөлімдер санын бастапқы деректерден бақылау. Жерлерді бақылау саны. Жүру көрсеткіштері

7.3 тақырып Жол жүру көрсеткіштерін инженерлік жабдықтарды орнатқанға дейінгі сипаттама көрсеткіштерін салыстырмалы түрде анықтау. 2-сағат практика

Инженерлік жабдықтарды орнатқанға дейін – жол – жүру сипаттамасының сал дарын анықтау. Инженерлік жабдықтауды орнатқанға дейін жолда жүру көрсеткіші. Тексерілген жерлердегі автокөлік жолдары. Жабдықтар тексерілген жерлерде орнатылған, жабдықтар орнатылмаған жерлерде, автокөлік жолдарының негізгі жерлерінде жол жүру көрсеткіштері. Автокөлік жолдарындағы негізгі жол жүру көрсеткіштері.

7.4 тақырып Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін жол жүру сипаттамасының көрсеткіштерін салыстырмалы түрде анықтату. 2-сағат практика

Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін жол жүру сипаттамасы көрсеткішінің салыстырмасын анықтау.

Автокөлік жолдарын тексерілген жерлерде қажетті жабдықтарды орнатқаннан кейін жол жүру көрсеткіштері. Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін, автокөлік жолдарының негізгі жол жүру көрсеткіштері.

7.5 тақырып Қажетті құралдарды орнатқанға дейін және орнатқаннан кейін жол жүру көрсеткіштерін нақты өзгерту. 2-сағат практика

Автокөлік жолдарын тексерілген жерлерде қажетті жабдықтарды орнатқаннан кейін жол жүру көрсеткіштері. Қажетті құралдарды орнатқаннан кейін, автокөлік жолдарының негізгі жол жүру көрсеткіштері

5. Әдебиет және оқу құралдары

Негізгі

1. Сильянов В.В., Домке Э.Р. Транспортно-эксплуатационные качества автомобильных дорог и улиц, 2-е изд.- М.: Академия, 2008. 2.

2. «ҚР Жолда жүру ережесі бойынша» Алматы, 2002.
3. ҚР жолда жүруді ұйымдастыру. - Алматы, 2005.

Қосымша

1. Васильев А.А. Проектирование дорог с учетом влияния климата на условия движения, М, Транспорт, 2001.
2. Немчинёв М.В. Сцепные качества дорожных покрытий и безопасность движения автомобиля, М, Транспорт 2001.
3. Хомяк Я.В. и др. Инженерное оборудование автомобильных дорог. М, Транспорт 2001.

Оқу құралдары және анықтама

Г. Клинковштейн Г.И. Жолда жүруді ұйымдастыру, - М.: Транспорт, 2001.

1. Кокорев А.Н. Пән бойынша практикум.- МОСУ МВД.: 2011 г.
2. Коноплянко В.Н. Жолда жүруді ұйымдастыру, - Высшая школа.: 2002
3. Жолда жүру қауіпсіздігі және ұйымдастыру. Академия, 2009 «Деятельность служб ОДЦ и инженера дорожного движения» оқу плакаттары